

Тақырыбы:
Мұхит – тіршілік мекені

Мәтінді оқыңыз.

Тірек сөздер

- тіршілік иелері
- ғаламшар халқы
- ақуыз мөлшері
- балдыр
- тыйым салу

Мұхит суы ғаламшардағы су қорының 97 пайызын құрайды. Мұхитта Жер шарындағы тіршілік иелерінің бестен төрті мекендейді. Сондай-ақ әлемдік мұхит ғаламшар халқын тағам ретінде пайдаланатын барлық жануар нәруыздарының алтыдан бір бөлігімен қамтамасыз етеді.

Мұхиттарда өсімдіктер мен жануарлар түрі өте көп. Онда 150 мыңнан астам жануар түрі мен 10 мыңдай балдыр түрі кездеседі. Мұхит – құрамында ақуыз мөлшері көп өнімдердің көзі. Мысалы, балық, моллюскілер, балдырлар т.б. Олар адамдарға қажетті ақуыздың 20 пайызын береді. Теңіз жағасында мекендейтін халық балық аулаумен айналысады. Балықтың кәсіптік маңызы өте зор. Көптеген елде тамаққа теңіз балдырлары пайдаланылады. Мұхиттағы жануарлар саны азайып кетпеуі үшін, оларды шектен тыс аулауға тыйым салынады.

Әлемдік мұхит биосферадағы тепе-теңдікті сақтауда үлкен рөл атқарады. Мұхиттың зиянды, улы заттармен, мұнай өнімдерімен және радиоактивті заттармен ластануы үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Сондықтан оны қорғау – халықаралық экологиялық өзекті мәселелердің бірі.

Жазбаша жауап беріңіз.



6-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мұхит мамандары мен табиғат қорғаушылары нені сақтап қалудың шараларын іздестіруде?
2. Табиғат қорғаушылары не құруды көздейді?
3. АҚШ-та қанша теңіз қорығы құрылған?
4. Барак Обаманың «Көнелік актісі» нені іске асырды?
5. Папаханаумокуакеа ұлттық теңіз монументі қанша шақырымды алып жатыр?

Тапсырма. Сұрақтардың дұрыс жауабын табыңыз

Географиялық диктант:

	Сұрақтар	Жауабы
1	Ежелгі материк	Пангея
2	Ауақысымы бірдей нүктелерді қосатын сызық	Изобара
3	Литосфералық тақталарды зерттеген	А.Вегенер
4	Климаттық белдеулер санын ажыратықан	Б.П.Алисов
5	Өтпелі белдеу	Субарктикалық
6	Негізгі белдеу	Арктикалық
7	Гольфстрим	Ағыс
8	Мезозой	Эра